

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР



Ток соғу қауіпі бар.

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен түртпеңіз.
- Құрылғыны ешқашан жалаң немесе ылғал аяқ-қолыңызбен пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз.
- Құрылғыны қуат кабелін немесе құрылғының өзін тарту арқылы ешқашан ажыратпаңыз.
- Егер розетка мен штепсельді қосқыш бір-біріне сәйкес келмесе, розетканы сәйкес түріне білікті маманға ауыстыртып алу керек. Адаптерлер, көп розеткалы қосқыштар және/немесе ұзартқыш кабельдер пайдаланылмауы керек.

Сумен толтыру үшін, үтіктеу жүйесін қосқышты пайдаланып өшіріңіз де, розеткадан суырыңыз

- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы немесе өнім жасаушысының тұтынушылық қызметтері ауыстыруы керек.
- Тазалау немесе қызмет көрсету алдында, құрылғыны розеткадан суыру арқылы ажыратыңыз.

Пайдалану барысында қысымдалған тесіктерді толтыру, қақ тазалау, шаю немесе тексеру үшін ашпау керек.

- Құрылғыны пайдаланбас бұрын, розетка кернеуінің өнімдегі төлқұжат тақташасында көрсетілген кернеумен сәйкестігін тексеріңіз. Құрылғыны жерге тиімді жолмен тұйықталған, тек электр қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға ғана қосыңыз.



Осы таңбамен белгіленген

беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

- Буды ешқашан адамдарға немесе жануарларға бағыттамаңыз.

Үтік розеткаға қосылған кезде оны ешқашан қараусыз қалдыруға болмайды. Қуат көзіне қосылғанда немесе салқындату барысында құрылғыны сегіз жасқа толмаған балалардан аулақ ұстаңыз.

- Пайдалану барысында бу генераторын қозғалтпау керек.
- **МАҢЫЗДЫ:** үтік пен бу генераторын жалғайтын түтік ыстық болуы мүмкін.
- Ыстық негіз бен электрлік сымдарға тиіп кетуге қатаң түрде жол бермеу керек.



Маңызды

- Құрылғыны бірінші рет пайдаланған кезде, орамнан алған соң, құрылғы бөлшектерінің түгел және зақымданбағанын тексеріңіз. Күдіктенсеңіз, құрылғыны пайдаланбаңыз және білікті қызметкермен хабарласыңыз. Қорғаныш үлдірін үтік табанынан алыңыз.
- Полиэтилен қалтаны қоқысқа дұрыстап тастаңыз, себебі ол балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.

Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.

Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек. Үтік беті қозғалмайтын және ыстыққа төзімді жерде пайдалану керек. Үтік тірегіне қойған кезде, тірек қойылған жердің беті қозғалмайтынына көз жеткізіңіз.

- Үтік ЕШҚАШАН тік тұрған күйінде сақтамаңыз!
- Пайдалану барысында құрылғыны тек жұмыс істеу бетіне ғана қойыңыз (мысалы, үтіктеу тақтасы немесе үстел).

Құрылғы құлап кетсе және оның зақымданғаны байқалса немесе одан су ағып тұрса, оны пайдаланбау керек. Егер үтіктеу жүйесі құрылғыға (бу генераторы немесе үтік) көзге көрінетіндей зақым тигізіп құлап кетсе, оны пайдаланбаңыз. Тұтынушыларды қолдау қызметтеріне апарыңыз.

Пайдалану мақсаты

- Бұл құрылғыны тек айқын түрде аталған мақсатта ғана пайдалану керек. Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі.
- Өнім жасаушысы тиісті емес, дұрыс емес немесе жауапсыздықпен пайдаланудан немесе білікті емес маман орындаған жөндеу жұмысынан туындайтын зақымдар үшін жауапты болмайды.

СИПАТТАМА

Құрылғының сипаттамасы
(3-бетті көріңіз)

- A Үтік тұғыры
- B Су ыдысының қақпағы
- C Қақ тазалау жүйесінің қақпағы
- D Бу/кабель түтігінің ілгегі
- E Қуат кабелі бөлімі
- F Басқару тақтасы

Басқару тақтасы

G ① ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) қосқышы

H ①/III шамы:

жыпылықтауда: қосулы/қыздыруда тұрақты: бу дайын

I ECO OPTIMAL STEAM (Эко оңтайлы бу) түймесі

J Үтіктеу режимі шамы: қосулы: ECO OPTIMAL STEAM (Эко оңтайлы бу)

өшірулі: EXTRA STEAM (Қосымша бу)

K “Су жоқ” шамы 

L Бу генераторын шаю шамы 

M Түйме:

: су таусылған соң ыдыс толтырылғанын растайды

: шаю орындалғанын растайды (шаюдан кейін 5 секунд басып тұрыңыз)

Үтік

N Үтіктің қосылғанын көрсететін шам

O Бу шығару түймесі

P Термостат дөңгелегі

ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДАҒЫ

ДАЙЫНДЫҚТАР

Қолданылатын су

Құрылғы **қалыпты құбыр суымен** жұмыс істейді. Су өте қатты болған жағдайда (қаттылығы 27°F мөлшерінен асқанда) 50% құбыр суымен араласқан минералсыз суды пайдалануды ұсынамыз. Ешқашан минералсыздандырылған судың өзін ғана пайдаланбаңыз. Ешқашан химиялық заттарды немесе сұйықтықтарды пайдаланбаңыз (мысалы, иіссу, эссенциялар, қақ тазалау еріткіштері, т.б.).

 Маңызды!

Минералды немесе басқа су түрлерін (мысалы, жаңбыр суы, батареяларға арналған су немесе ауа кондиционерлері, т.б.) пайдаланбаңыз.

Ыдысты сумен толтыру

 Қауіпті!

Кабельдің розеткадан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

- Су ыдысының қақпағын ашып, су толтырыңыз (1-сурет). Ешқашан су

ыдысындағы МАХ деңгейінен асырып толтырмаңыз (2-сур.).

- Құрылғыны розеткаға қосыңыз.

БУМЕН ҮТІКТЕУ

- ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) тетігін (G) басу арқылы қосыңыз (3-сурет). Басқару тақтасындағы ①/☹️ шамы (H) үтіктегі шаммен (N) бірге жыпылықтайды.
- ①/☹️ ("бу дайын") шамының тұрақты жанғанын күтіп, үтіктегі шамның (N) өшкенін күтіңіз (5-сурет).
- Үтіктеу кезінде үтіктің температурасына сай үтіктегі шам (N) жанады және сөнеді. Бұл – қалыпты жұмыстың бір бөлігі және ол ақаулық емес.
- Үздіксіз бу: бу түймесін (6-сурет) тез-тез екі рет басыңыз (1 секунд ішінде). Үздіксіз бу бірнеше секунд шығады. Бұл функцияны тоқтату үшін бу түймесін (6-сурет) тағы да басыңыз.
- Тік жүйе: бұл үтікті сонымен қатар ілулі тұрған киімдерді бумен үтіктеу үшін пайдалануға болады.

OPTIMAL STEAM (Оңтайлы бу) функциясы

Бұл функция жібек, жүн және синтетика сияқты өте нәзік маталарды үтіктеу үшін ұсынылады.

- OPTIMAL STEAM (Оңтайлы бу) функциясын пайдалану үшін, (I) түймесін (4-сурет) басыңыз.
- Шамның (H) ("бу дайын") тұрақты жанғанын күтіңіз.
- Қалыпты бумен үтіктеу күйіне оралу үшін, (I) түймесін қайта басыңыз.



Ескеріңіз:

- Үтіктеу барысында су толтыру сорғысының ажыратылып-қосылуы – қалыпты нәрсе. Бұл судың ыдыстан бу генераторына тасымалдануынан болады. Бұл – қалыпты жұмыстың бір бөлігі және ол ақаулық емес.

Үтік термостатын реттеу (P)

Үтіктелетін матаның түріне қарай термостат дөңгелегін ең қолайлы температураға орнатыңыз.



Бумен үтіктеу үшін температура көрсетілген бу секторы ауқымында болуы керек.

Төменде үтіктелетін мата түріне қарай ең қолайлы температураны таңдауға көмектесетін қысқаша нұсқаулық берілген:

I	☹️	Ацетат, акрил, нейлон, полистер, вискоз
II	☹️	Жібек, жүн
III	☹️	Зығыр, мақта

ЫДЫСҚА СУ ТОЛТЫРУ

Ыдыстағы су таусылған кезде, сорғыдан шу шығады. Бұл – қалыпты жұмыстың бір бөлігі және ол ақаулық емес: **Ыдысты дереу сумен толтыру ұсынылады. Бұл кедергісіз үтіктеуді жалғастыра беруге мүмкіндік береді ("Ыдысты толтыру" бөлімін қараңыз)**

«Су жоқ» шамы (K)

Су таусылған кезде, ☹️ шамы жанады (7-сур.). Бумен үтіктеуді жалғастыру үшін, ыдысты толтырыңыз ("Ыдысты толтыру" бөлімін қараңыз) және (M) түймесін басу арқылы растаңыз.

ҚҰРҒАҚ ҮТІКТЕУ

Құрғақ үтіктеу мүмкіндігін пайдалану үшін, үтіктегі термостат дөңгелегін үтіктелетін киімге сай температураға орнатып, бу түймесін баспай үтіктеңіз.

ENERGY SAVING FUNCTION (ҚҰАТ ҮНЕМДЕУ ФУНКЦИЯСЫ)

Жүйе қуат үнемдеу режимінде болған кезде, OPTIMAL STEAM (Оңтайлы бу) шамы (J) жыпылықтайды.

10 минут бойы ешбір бу шықпаған кезде құрылғы қуат үнемдеу режиміне ауысады.

Бу функциясын қайта іске қосу үшін, (M) түймесін немесе (O) бу түймесін басыңыз.

Үтіктеуден кейін

- ON/OFF (ҚОСУ/ӨШІРУ) қосқышын (G) құрылғыны өшіру үшін басыңыз.
- Розеткадан ажыратып, салқындатып қойыңыз. Су ыдысына шаң және басқа заттар түсірмес және сорғының жұмысына зақым келтірмес үшін ыдыс қақпағын мықтап жауып, үтіктеу жүйесін жинап, сақтап қойғаныңыз жөн. Жүйені жинап қоймас бұрын оның салқындағанын күтіңіз.

- Құрылғыны таза күйінде жинап қою үшін, бу/кабель түтігін ілмекке (D) бекітіп, қуат кабелін тиісті бөліміне (E) жинап қойыңыз. Үтіккі құрғақ жерде сақтаңыз.

Ескеріңіз:

Үтіктеген соң, ыдысты қалған суды төгіп тастаудың қажеті жоқ. Дегенмен, құрылғы ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, онда оның ішінде қалған суды төгіп тастау керек.

КҮТІМ КӨРСЕТУ

Бу генераторы шайылуда

Жұмысты оңтайландыру үшін, анда-санда тұрақты бу шығару деңгейін сақтауға және қуат үнемдеуге арналған шараларды қолданып, бу генераторын шайып отырыңыз.  шамы (L) жанған кезде, мына әрекетті орындаңыз:

- Құрылғының өшірілгеніне, розеткадан ажыратылғанына және толығымен салқындағанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғыны раковинаға төңкеру арқылы су ыдысын босатыңыз.
- Бу генераторының қақпағын бұрап алу үшін тиынды немесе бұрауышты пайдаланыңыз (8-сурет).
- Бу генераторындағы суды жойыңыз (9-сурет).
- Құрылғыны бүйірімен жатқызып (10-сурет), бу генераторының сыртына су шашыратпас үшін воронканы пайдаланып ең көбі 0,7 литр сумен толтырыңыз.
- Бу генераторын толық шаю үшін құрылғыны шайқап, суды төгіп тастаңыз (11-сурет).
- Шаю процедурасын қайталаңыз.
- Қақпақты орнына бұрап салып, ол бу генераторын дұрыс жабатынына көз жеткізіңіз.
- Шайған соң, құрылғыны розеткаға қосып, ON/OFF (Қосу/өшіру) қосқышын (G) (3-сур.) басу арқылы іске қосыңыз.
- (M) түймесін  шамы (L) сөнгенше кемінде 5 секунд басып тұрыңыз.
- Ішкі түтіктердегі қалдықтарды шығару үшін ауаға бірнеше секунд бойы бу шығарыңыз.

Ескеріңіз:

- Егер құрылғы бу генераторы шайылмастан

өшірілсе, ол келесіде іске қосылған кезде,  шамы (L) жыпылықтайды.

Тазалау

- Тазалау алдында құрылғының өшірілгеніне, розеткадан ажыратылғанына және толығымен салқындағанына көз жеткізіңіз.
- Үтік түбінің беті таза күйде болуы керек. Тазалау үшін, салқын бетті дымқыл шүберекпен сүртіп алыңыз.
- Ешқашан қырғыш губкаларды, сірке суын немесе басқа химикаттарды пайдаланбаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім түрі	өнімдегі жапсырмаға қараңыз
Үлгі	"
Кернеу	"
Жиілік	"
Тұтынылатын қуат	"
Қытайда жасалған	
De'Longhi Appliances s.r.l.	
via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy	
Де'Лонги Алплайансиз с.р.л.	
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия	

Ресейге, Белоруссияға және Қазақстанға импорттаушы:
«Делонги» ЖШҚ, Ресей, 127055, Мәскеу қаласы, Суцёвская көшесі, 27/3-үй (27-үй, 3-құрылым)
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Өнім шығарылған күн өнім жапсырмасының бетінде немесе оның қасында көрсетілуі мүмкін (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде A – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4

EAC

ПРОБЛЕМА	СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Құрылғы іске қосылмайды.	Құрылғыны розеткаға қосылмаған.	Құрылғының дұрыс қосылғанына көз жеткізіп, ON/OFF (Қосу/өшіру) түймесін (G) басыңыз.
Бу құрылғының астынан шығады.	Ең жоғарғы қысымнан қорғау жүйесі өшірілген.	Құрылғыны дереу ажыратып, өнім жасаушысының тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
Үтік табанының түбіндегі тесіктерден су ағады.	Үтіктің термостат дөңгелегі "Үтік термостатын реттеу (P)" бөлімінде көрсетілген аймақта жоқ.	Үтіктің термостат дөңгелегін бу аймағына орнатыңыз ("Үтік термостатын реттеу (P)" бөлімін қараңыз)
	Түтік ішіне су жиналған, себебі бу бірінші рет пайдаланылуда немесе біраз уақыт бойы пайдаланылмаған.	Бу түймесін үтіктеу тақтасынан алысырақ жерде бірнеше рет басыңыз. Бұл суық суды бу түтігінен жояды.
	Үтіктеу жүйесі беті қозғалатын және/немесе көлбеу жерге орналастырылған.	Үтікті беті қозғалмайтын жерде пайдалану керек.
Үтік табанынан қоңыр түсті су ағады.	Су ыдысына немесе бу генераторына химиялық су жұмсартқыш немесе қоспалар қосылған.	Су ыдысына ешқашан судан басқа нәрселерді қоймаңыз (қысқаша нұсқаулықтағы кеңестерді оқыңыз). Үтіктің табанын дымқыл шүберекпен сүртіңіз.
Құрылғы бірінші рет қосылған кезде түтін шығады.	Кейбір бөліктерге үтікті бірінші рет іске қосқан кезде буланатын тығыздауыш/жақпа май жағылады.	Бұл – үтікті бірінші рет пайдаланған кезде болатын қалыпты жағдай.
Құрылғы дірілдермен аралас үзік-үзік шу шығарады.	Су бу генераторының ішіне сорылып жатыр.	Бұл – қалыпты нәрсе.
	Су ыдысы бос.	Ыдысты сумен толтырыңыз
Барлық шамдар жыпылықтайды.	Жүйе қатесі	Жүйені розеткадан ажыратып, қайта қосыңыз да, ON/OFF (Қосу/өшіру) қосқышын (G) басыңыз. Егер проблема қайталана берсе, құрылғыны дереу ажыратып, өнім жасаушысының тұтынушыларды қолдау қызметімен хабарласыңыз.
Тазалау қақпағынан (C) бу шығады.	Тазалау қақпағы (C) дұрыс жабылмаған	Тазалау қақпағын дұрыс жабыңыз
	Тазалау қақпағының (C) тығыздауышы зақымданған болуы мүмкін	Өнім жасаушысының тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз
Құрылғы "steam ready" (бу дайын) хабарын көрсетеді, бірақ үтіктен бу шықпайды.	"Су жоқ" көрсеткіші су ыдысын қайта толтырусыз қайта орнатылған	Су ыдысын толтырыңыз және бу түймесін (O) сорғы жүйені суға толтыра бастағанша кемінде 1 минут басыңыз